




**СССР-ДА ТУЫЛҒАН,
ҚҰРЫШТАЙ ШЫНЫҚҚАН,
АРМАНҒА ҰМТЫЛҒАН ҰРПАҚТАР!**



**Оразхан дайындық курсы студенті.
Алматы. 1978 ж.**



**«Құтты мекен – Көксарай»
мәдени-ағарту жобасының аясында**

АЛЛАДАН ЖАҚСЫЛЫҚ ТІЛЕГЕН!



Жанысбеков Оразхан Кенжеғұлұлы

Жанысбеков Оразхан Кенжеғұлұлы 1961 жылы 7 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Киров ауданы Большевик совхозының № 2 Ленинабад бөлімшесінде дүниеге келген.

1977 жылы Отырар ауданы Көксарай елді мекеніндегі М. Әуезов атындағы мектепті бітірген.

1979–1985 жж. Алматы зоотехникалық-мал-дәрігерлік институтын бітірген.

1981–1985 жж. осы институттың алдымен №6 жатақханасының коменданты болып жұмыс істеп, осы жатақхананы түпкілікті пайдалануға беріп студенттерді орналастыру жұмыстарымен айналысқан. Кейін 1983–1985 жж. №2 жатақханасының коменданты болып жұмыс істеген.

1983 жылы Қазақ КСР-інің жоғарғы оқу орындарындағы 22 институттың үздік оқитын және белсенді қоғамдық жұмыстарға араласатын студенттерінен құрастырылған арнайы студенттік топ құрамында Мәскеу қаласындағы ұйымдастыру және басқару институтының Алматыдағы жоғарғы партия мектебінің жанынан ашылған филиалының эксперименттік тобында осы институттың ауылшаруашылығындағы ұжымдық шаруашылықтарды ұйымдастыру мен басқару факультетін кешкі оқыту бағдарламасы бойынша негізгі институтпен қатар оқып бітірген.

1984–1985 жж. Жоғарғы партия мектебінің жанындағы Комсомолдық жастар мектебін сырттай оқып бітірген.

1981 жылы Торғай облысындағы Бүкілодақтық комсомолдық бригада құрамында бидай ору науқанында комбайн айдап, озат комбайыншы ретінде, Торғай облысы бойынша жеңімпазы болған. Сол жылы Мәскеу қаласында өткен комсомол жастар одағының студенттік өндірістік конференциясына делегат болып қатысқан.

1983 жылы Коммунистік партия құрамына

Мәскеу қаласындағы ұйымдастыру және басқару институтының Алматыдағы жоғарғы партия мектебінің жанынан ашылған филиалының проректоратының ұсынысы бойынша Коммунистік партия қатарына кандидат болып қабылданған.

1985 жылы маусым-қыркүйек айларында институтты бітірген соң, осы институттың комсомол комитетінің хатшысы болып сайланып жұмыс істеген. Сол жылдың қазан айында анасының науқастануына байланысты Алматыдағы жұмысын тапсырып, елге оралған.

Сол уақыттан бастап ауылда әртүрлі жұмыстарда қауын егуші, жүгері суғарушысы, жүгері суғарушылардың звено жетекшісі, зоотехник, №1 «Жәнкел» бөлімшесінің меңгерушісі т. б. жұмыстар істеген. Сол жылдарда Ақынтоғай ауылдық кеңесінің депутаты болып, қоғамдық жұмыстар атқарған.

1993–1997 жж. Шымкент қаласындағы (Қазақ-ИталКаракуль) Қазақстан-Италия біріккен қаракөл өндіру кәсіпорнында әртүрлі қызметтерде істеген. Осы кәсіпорын тоқтаған соң Шымкент қаласында әртүрлі бизнестермен айналысып, кәсіпкерлік тәжірибе жинаған.

1998 жылдан бастап Алматы қаласында тұрды. 1999 жылдан Алматы қаласында «КазВторЧермет», «Рахат-Темір», «КазИмпэкс» компанияларында әртүрлі қызметтерде жұмыс істеген.

2001 жылдан «TOLAGAI-2050» ЖШС-нің бас директоры және негізгі құрылтайшысы болып құрылыс саласында жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта өзінің негізгі жұмысымен қатар әртүрлі қоғамдық ауқымды іс-шараларға қатысып, жан-жақты көмек көрсетіп жүреді.

Үш қызы, үш ұлы бар. Үлкен қызы Жанысбек Лаура Оразханқызы, 1980 жылы Алматы қаласында туылған. Тұрмыста, 4 баласы бар. 1997–2001 жж. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің тарих, құқық және экономика негіздері факультетін бітірген.

2008–2010 жж. Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша экономика және бизнес факультетін бітірген.

2007–2009 жж. М. В. Ломоносов атындағы Ресей Мемлекеттік университетінің Экономика және басқару мамандығы бойынша экономика және кәсіпорындарды басқару факультетін бітірген.

Ортаншы қызы Кенжеғұлова Ұлжан Оразханқызы, 1992 жылы туылған, тұрмыста. Т. Рысқұлов атындағы Қазақ-экономикалық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің ағылшын бөлімін бітірген.

Ресей Федерациясының халықтар достығы университетінің (РУДН) мемлекеттік қызмет және жергілікті басқару факультетін бітірді. Алматы қаласы әкімшілігінде бюджет және жоспарлау басқармасында бас маман болып жұмыс істейді.

Үлкен ұлы Кенжеғұлов Алмас Оразханұлы, 1996 жылы туылған. Әл-Фараби атындағы қазақ-ұлттық университетінде заң факультетінде оқиды.

Кіші ұлдары Кенжеғұл Сардар Оразханұлы мен Кенжеғұл Шадияр Оразханұлы 2014 жылы туылған.

Кіші қызы Кенжеғұлова Қырмызы Оразханқы-

зы, 2018 жылы дүниеге келген.

Әйелі Сержанова Әлия Сағындыққызы, Атырау облысы Индер ауданының тумасы, жоғары білімді. Алматы мал дәрігерлік институтын микробиология мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1984–1985 жж. Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық радиология және кардиология институтында жұмыс істеген.

1986–1993 жж. Көксарай ауылында клуб меңгерушісі, экономист т. б. жұмыстарда істеген.

1979–1991 жж. Коммунистік партия мүшесі болған.

Әйелі Ысқақ Жанар Орынбасарқызы, 1981 жылы 28 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Қошқарата ауылында туылған.

1998 жылы Ордабасы ауданы Темірлан елді мекеніндегі Ш. Уәлиханов атындағы мектеп-гимназияны үздік аттестатпен бітірген.

1998–2002 жж. Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясының халықаралық экономикалық қатынастар факультетін үздік дипломмен бітірген.

2005–2007 жж. Санкт-Петербург Халықаралық банк істері институтының Банкаралық қарым-қатынастар факультетін бітірген.

2008 жылдан Қазақстан Республикасы кәсіби бухгалтерлер палатасының мүшесі. САР/СІРА сертификаттарының иегері. Орыс, ағылшын және жапон тілдерін меңгерген.

2002–2010 жылға дейін бухгалтер, бас бухгалтер, қаржы директоры болып бизнес саласында жұмыс істеген.

2010 жылдан бастап «TOLAGAI–2050» ЖШС-де қаржы директоры қызметін атқарады.



Оразхан студент. Алматы. 1981 жыл



Оразхан. 1980–1981жж.

Сиыршы болып жұмыс істеген кезден естелік.

Қолмен ұрықтандыру әдісімен бір табын сауын сиырларына тұқымы салынатын асыл тұқымды «Горный» атты өгіз. Үш жасында салмағы 1200 кг.

Атақты «Швиц» породасының, «Альфа-комби» ішкі породалық типінен.

Сауын табынының сиыршысы бола жүріп, қосымша осы өгізге қарауыл әрі күтуші болып 1 жыл жұмыс істедім. Әртүні екі рет астын тазалап тұратын едім. Басқа жататын жерім жоқ болғандықтан, күнде сиыр бағып келген соң, бес ай бойы осы өгіз тұратын жерде бірге қонып жүрдім.

Швейцариядан самолетпен әкелген кезде бұл өгізге күтуші болуға бір совхоздан адам табылмаған еді. Өте сүзеген және бұзық өгіз еді. Жарықтық осы өгіз екеуміз өте дос болдық.

Күнделікті 8-10 км жетектеп қыдырту кезінде менің артымда айтқанымды істеп еріп жүретін, жібін мойнына байлап қоятын едім. Одан қорқып ауылдың бар адамдары қашып үйлеріне, конторға және т.б. жерлерге тығылып қалатын.



Оразхан. 1980-1981жж.

**Сиыршы болып жұмыс жасаған кезден естелік.
Қиналып жатқан енесіне көмектесіп туғызып
алған бұзау. Бұл бұзаудың паспортында
«Студент» деген ат берілген**



**Құрыштай шыныққан ұрпақтар,
Әбутәліп пен Мырзакелді. 1979 жыл.**



Адайдың қызымен



Оразхан, Мырзакелді, Берік. 1979 жыл



**Оразхан, анасы Сәдібекова Ұлайым және інісі
Әсетпен бірге. Жанкел ауылы. 1970 жыл**

ЖЕТІНШІ АРЫҚ (Естелік әңгіме)

Әкеміз Кенжеғұл туралы көп нәрсе біле бермеймін. Ол кісі соғыстың алдында әскерде болған, одан соғысқа қатысқан, соғыстан келген соң Киров ауданының «Большевик» совхозында жұмыс істеген, жылқы фермасында басшы болған. 1964 жылы өзінің туған жері Көксарайға қайта көшіп келген. Бұрын 1932 жылы Көксарай МТС-не алғашқы «Полуторка» машинасын Арыстан алып келіп, соның жүргізушісі болған.

Ал, анамыз жайлы біраз әңгіме айта аламын. Марқұм анамыз керемет кісі еді. Әкеміз ерте қайтыс болған соң ағайынды жеті бала төрт ұл мен үш қыз сол кісінің тәрбиесінде өстік.

Анамыз Сәдібекова Ұлайым «Ынталының» бұйра божбанының қызы, өзі іскер, әділетті, өте қарулы адам еді. Қарулылығында шек жоқ болатын.

Сонымен Жанкелде, орталықта бір құдық болушы еді. Сол құдықты тазалау, аялдаманың ішіне орындық жасау, кірпіш құю деген жұмыстардың бәрін жастайымыздан істеумен өстік.

Тоғайдан мал іздеу, өзіміздің үйге отын шауып әкелу жұмыстарымен қатар, көршілерге де көп етіп отын шауып әкелу біздің негізгі шаруаларымыз болатын. Осы жұмыстардың көбісін орындауды анам маған «көмектес» деп жасататын.

Біз Жанкелде қатар оқыған қыздар – Бибайша, Рәзия, Нұрсұлу Дүйсеханова, Нұрсұлу Қанжігітова, Мамахова Гүлжәмиләлармен және жі-

гіттерден Медеу, Әжібек, Жанболат, Палмағанбет марқұммен, Оразбек, Нұртайлармен бірге өстік. Осы қыз-жігіттермен бірге жарапазан айттып, айттап, есекпен көкпар тартып, көктемде түйелерден бірге қашып жүретінбіз.

Ол кезде Жанкелде сексен-тоқсанға тарта үй болатын еді. Тоғызбай, Құралбай деген ағайларымыз болды.

Сол 70 жылдардан бермен қарай біраз оқиғалар есімде бар. 1969 жылы қыс қатты болып, бірде-бір шөп көрінбей, жер-дүниенің барлығын қар басып қалды. Оның биіктігі метрден асып кетті, мал тұрмақ адамдар жүре алмайтын.

Совхоздың орталығынан С-100 деген сары бульдозер трактор келіп, Жанкелдің ішінде жол ашты. Жағдайды қаншалықты жақсарттық дегенмен, сол кезде ауылдың барлығының малдары қырылды. Жантөре деген жакеміздің үй жағында жылқы қамайтын бір үлкен шоң қора болатын. Адамдар сол шоң қораны бұзып, арқалап үйді-үйіне шөп тасып, малдарына беріп күн көрді.

Сол жылы қыста ауылдың үстіне үлкен самолеттер келіп, престелген шөптерді шашып кететін еді. Балалық қой, сол кездегі ауыр жағдайға қарамай сол самолеттерді қызықтап, жерде оның жолымен жүгіріп жүретін едік. Сол кезде біз үлкен-кішісі бар сегіз-тоғыз жасар балалар едік.

Сол самолеттің артынан жүгіргенде кейбіреулер қарға кіріп кетсе, көрінбей қалатынды. Болмаса сол мойнынан келетін шұңқырға түсіп кеткен адамға ұқсап мойындарынан қардан көрініп шыға алмай тұратын еді.

Сол жылы түскен қалың қар көктемде еріп, жер-көкті су басты. Жанкелде Әлі деген кісі бар еді, сол кісінің үйінің судан құлағаны есімде қалып қойды. Тек ол үй емес, сол жылғы судың әсерінен біраз үй құлаған болатын. Бірақ Құдайдың қарасқаны ма, біздің үйіміз құлаған жоқ.

Мектепте 3 класта оқып жүргенде. 1970 жылы шарикті қаламсап өмірімізге келді. Сол қазіргі жазатын ручкалар ғой. Оған дейін біз дәуітпен және перомен жазып жүрдік.

Шарикті қаламсап дегенді мектепке келген кезде балаларға қазір марқұм болып кеткен Тоғызбай, Құралбай ағайлар таратып беріп, жазып болғаннан кейін, сабақтан шығарда біртіндеп қайтадан жинап алып қалатын еді. Үй тапсырмасының бәрін сол бұрынғы сиямен жазып келетінбіз. Бір таратып, бір жинап алатын қаламсап біртіндеп өмірімізге түбегейлі енді.

Ол кезде ауызашар, той, тағы басқа жиындардың барлығы май шамдармен өтетін.

Ондық, жетілік, екілік шамдар, фонарь дегендер болатын. Соның бәрінің шишасын күнделікті тазалаушы еді. Біздің балалық шағымыз, қазіргі кезде өмірімізден алаңсыз шығып қалған, сондай фонарлармен, майшамдармен өтті.

Мектепке матадан тігіп берген, бауы бар сөмкемен баратын едік. Шибарқыттан тігілген шалбармен жүретінбіз. Ауылға совхоздың автоклубы келіп, мектептің қабырғасына кино қойып беретін. Ол кинолар жазда – далада, қыста клубтың ішіне қойылатын.

Біздің бала күнімізде мұсылманшылықты ұстану деген өте жоғары деңгейде болатын

еді. Оразаның кезінде топ-топ болып жүріп, қыздар-балалар араласып, жарапазан айтатын еді.

Ол кезде Жанкелдің көлі көлемді, үлкен айдан еді. Оның арғы шетінен бергі шетіне дейін бір-бір жарым шақырым болатын, үйлер сол көлді айнала көршілес отыратын.

Көлдің арғы бетінде осы Бибіайшалар, Қарекендер, тағы осындай адамдар отыратын, біз соның совхоз жағындағы шетінде, дарияның бойында қоныстанған едік.

Ораза кезінде жасы бар, кәрісі бар қырық-елу адамға дейін жиналып, жарапазан айтатын.

Үлкендеу балалар жарапазан айтатын да біз олардың артында еріп жүретін едік. Ол жарапазанды мандолинмен, домбырамен, он екі тілді гармонмен бәрі жабылып жүріп айтушы еді. Біз сол жарапазан айтуды қатырмадық, бірақ сол топтың ішінде жүргенімізге мәз болатынбыз. Әр үйге жарапазан айтып жүргенде түн де болып кететін-ді.

Жанкелде татар фельдшердің үйінде бір-екі қайық болатын еді. Бір қайыққа үлкенді-кішілі он екі-он бес адам мінетін. Қайықтарды үлкендеу жігіттер есіп отырады, оған толғанынша үлкен адамдар мен қыздар отырады.

Біз тоғыз-ондағы балалармыз, бірде сиямыз, бірде тіпті сол қайыққа сыймай да қалатынбыз. Бірақ сыймай қалғанда әр қайыққа кішкентай жіп байлап алып, екі-үш баладан шетінен ұстап артында жүзіп отыратын едік. Сөйтіп көлдің арғы бетіне өтетінбіз. Қайықтарға жабысып жүріп көлдің арғы бетіндегі осы Жантөре деген жәкеміздің, Болысбектердің

үйлеріне, тағы да осындай көп адамдардың үйлеріне барып жарапазан айтатын едік.

Жарапазан айтқан кездердегі менің бір есімде қалған нәрсе бір үйге барып жарапаздан айтсаң, легенге салып әртүрлі заттар, тиын-тебен, тақиялар мен орамал, кәмпиттер беретін.

Сол үйдің адамдары, еркек-әйелі, қыздары бар ма, бізден үлкен балалары шығып, есіктің алдында жарапазан айтып тұрған адамдармен бірге айтатын еді. Сонда жарапазан ұзақ айтылатын еді. Сосын сол үйлердің бір-екі адамы еріп, келесі үйге қарай баратын. Сөйтіп аяғында елу-алпыс адамға дейін көбейіп кететін еді.

Жарапазан түніменен тоқтамайтын. Кейде жарапазан айтып жүрген күндері сол үйлердің біреуіне ұйықтап қалып, үйімізге ертеңіне келетін едік.

Жанкелдің көлінің ортасында Аралқұм деген құмарал бар еді. Қалғансыр, Айткүл көл, Ақшығанақ деген үлкен көлдер болатын.

Ораза кезінде кешке жақын ауызашарларда үлкен адамдар бізден үлкен балаларды, жігіттерді шақырып алып: «пәлен үйге айтпапсыңдар», «анау үйге айтпапсыңдар, неге айтпадыңдар?» деп ренжитін. Содан қалып кеткен үйлерге барып айтатын едік.

Жанкелдің тоғайында мия мен бидайықтың биіктіктері 1,5–2 метр болатын. Олардың арасынан жас балалар ғана емес, үлкен адамдардың да бойы көрінбейтін еді.

Жанкелде ол кезде егіс егу үлкен үрдіс еді. Үлкен оман арық болатын. Сол арықтың бойында қауын, тары, жүгері, сыпырғы, маш, пісте, т.б. неше түрлі дақылдар егетінбіз. Әр үйдің жар-

ты гектар, бір гектар егіндік жері болатын.

Әрегістікжердің басында қамыстан сылап немесе сыланбай жасалынған шайлалары, оның алдында бір-екі тапшандары болатын. Сол тапшандарда кешке жақын қатар-қатар масаханалар тігіліп тұратын. Шым басу, арықтарға шым әкеп қойып, бұрылыс жерлердің бәрін шыммен бекітіп қоятын едік.

Сәл есейе келе осы егіспен біз де айналыстық.

Осы қауын, тары егіп жүрген кездерде есімде арық-арықта балықтар толып қалатын еді. Оман арықтан бері қарай бұрылған кіші арықты «құлақ арық» дейтін. Сол егісті суғарып болып, оман арықтан құлақты жапқан кезде ішіндегі суы сіңіп кеткенде, кейбір жерлерінде арықтың бетіне дейін балықтар толып қалушы еді. Сол балықтардың көптігі сондай, олар кейін сасып кететін.

Сол кездері біздің де егістік жеріміз болды. Оған біраз еңбек етіп, сол уақытта өміріме сабақ болар көп сөздерді анамнан тыңдап өстім. Бұл сөздер маған ғана емес, көпшілікке пайдасын тигізеді деген ойдамын.

Мен он-он екі жасымда болғанда қауын егу, жалпы егіс егу дегенді мойнымызға алдық. Марқұм анам екеуіміз егін егетін едік.

Біздің бір гектарға жуық жеріміз болды. Сол егістіктің төменгі жағы тары немесе маш болатын да, бергі жағына, 70 сотықтай жерге қауын-қарбыз егілетін еді.

Сол жерде анамыз екеуіміз қауын егеміз, басында шайла болатын. Мен шайланы өзім салатынмын, түнде бақшаның басында, масаханада жатамыз. Он екі, он үш қауын егілген

арық болатын да әрқайсысының ұзындығы елу-алпыс қадамдай болатын.

Қауынды егеміз, шөбін шабамыз, түбін қопсытамыз, суғарамыз. Сонда анам марқұм шығыс жағынан бастайды да біздің шайла тұрған жаққа жетінші арықтың басына қазық қағып қоятын.

Осы жетінші арық егістіктің сәл шетіне таман болатын. Өзі барынша ұзынырақ болатын. Арықтарды бөліп-жармай, түгелдей қауынның түбін қопсытамыз, суғарамыз, шөбін шабамыз.

Анам марқұм: «Балам жетінші арықты ерекше күт» деп тапсыратын еді. Кешке жақын үйге барсаң, жетінші арықтың жағдайын сұрайтын. Мен де сол жетінші арықты басқалардан ерекше күтетін едім.

Біздің жерімізбен шектес Құдайберген көкемнің шешесі Ұлман әжеміз егіс егетін. Ол кезде Құдайберген көкемдер, Әлекеңдер барлығы қырда тұрады, қой бағады.

Мен сол Ұлман шешеміздің және өзімнің анамның – екі егістікке де қараймын. Екеуі мені мақтап-мақтап қоятын. Сонда менің бір таң қалатыным – Ұлман шешеме барып көмектесем, ол кісінің де егістігінде жетінші арық деген болатын.

Шетінен санап келіп жетінші арық деген арықтың бойына үш жерге – басына, ортасына және аяғына қазық қағып қоятын. Ол кісі де: «Оразжан, балам, осы жетінші арықты жақсылап күт» дейтін. Маған бәрібір, барлық арықтарды күтіп-баптап келе жатқандықтан, жетінші арығын да басқалармен тең баптай-

мын.

Марқұм анам мен Ұлман шешеміз жетінші арықтың қауынының жағдайы туралы күнара сұрайды. Сол кісілер қайта-қайта айта бергеннен кейін жетінші арық дегенді басқаларынан гөрі артық қарайтын болдым, ерекше қамқорлыққа алатынмын.

Жиі-жиі түбін қопсытамын, шөбін шабамын, жиі-жиі су беремін, су бергенде де басқа арықтарға бір-бір су беріп жауып тастайтын болсам, жетінші арықты сыздатып, баптап бірекі реттен суғарамын.

Менің осы еңбекқорлығыма ол кісілер риза болатын еді. Ыстық тапананды майға езіп жеу деген – бақыттың үлкені. Сүт пен майға араластырған тапананға тойып аламын. Мүмкін содан болар, ақыл жағын қайдам, дене жағынан, күш жағынан қатарларымның көпшілігінен басымдау болдым.

Сол жұмысты дұрыс істейтін болғаннан кейін ба екеуі де мені жақсы көреді, мақтап қояды. Мен мақтау сүйетін қазақ болғандықтан сол кісілердің сенімінен шығу үшін барынша тырысып жұмыс істеймін.

Марқұм анам сол жетінші арықты айта бергеннен кейін мен кейде анама: «Апа, енді жетінші арығыңның қауындарын түбімен шауып тастайтын болмасам, басқасының бәрін істеп қойдым» дейтінмін.

Бір күндері, о, Құдайдың құдіреті, сонша күтудің арқасы ғой, сол жетінші арықтың қауындары ертерек кәмек бола бастайды.

Басқа арық түйнектерінің сыртынан әлі жүні кетпей тұрғанда жетінші арықтың қауындары

торлап, жүндерін тастап, пісуге ыңғай жасай бастайды.

Сол кездерде Әжібек, Жанболат т.б. достарымды шақырамын да: «мына қауындар екі-үш күнде піседі, содан кейін жейміз» деп дайындаламыз. Оларға сол жетінші арықтың қауындарын көрсетіп қоямын. Ұлман шешемнің де, өзімнің анамның да қауындарын көрсетемін. Осы «қауын жейміз» деп дайындалып жүргенде үйге барып қалсаң анам: «Балам, ана жетінші арықта пәлен түйнек бар, оны мен санап қойдым. Олардың ешбіріне тиюші болма» дейтін.

Жейін деп күтіп жүрген қауынды «жеме» дегенге қапа болып: «Апа, біреуін болмаса екеуін жейік та. Анау Жанболат, Бақытбектермен қосылып бір түйнек жейік» десең, «Жоқ, жолама. Бір түйнегіне де тимеңдер» деп дереу тыйып тастайтын.

«Одан басқа 11–12 арық қауын бар ғай. Соларды жей беріңдер» дейтін. Олардың сәл кештеу пісетінін жақсы білемін. Не істесең де жетінші арыққа еш жолатпайтын.

Ұлман шешеміз де жетінші арығының түйнегін санап қоятын. «Оразжан, мына жетінші арықта пәлен түйнек бар, оған тиюші болмаңдар» деп ол да мықтап ескерту жасап қоятын.

Сондай күтімнің арқасында жетінші арықтың қауындары басқаларынан бір аптадай бұрын пісіп шығатын. Бір арық қауынның он бес пайыздайы түбінен ажырай бастаған кезде пісті деп есептеледі.

Сол кезде анам Жантөре деген жәкеміздің есе-

гін арбасымен бірге алып келеді. Содан аталмыш арықтың қауынын бір күнде сыпырып жұлып, қаптап артамыз. Піскендері бес-алты қап болады. Қауын тиелген үлкен есек арбаның мен есегін жетектеп отырамын, анам арбаның жанында жүріп отырады.

Арбадағы қауындарды көлдің арғы жағында тұратын үйлерге алып барамыз. Иісі мұрынды жарып келе жатқан қауынға аңсарым ауып: «Апа, болмаса біреуін жейік та» деймін жібіп қала ма деген үмітпен. Жоқ, сонда да жегізбейтін. Көлдің арғы жағындағы үйлерге жолмен көлді айналып бару екі-екі жарым шақырымдай болатын. «Апа, арбаға мініп алсаңызшы. Арбада бос орын көп қой» десем, өзі де мінбейтін, мені де мінгізбейтін, баратын жерімізге жаяу баратынбыз.

«Қайтарда мінесің, балам» дейтін. Сол қауындарды кемпір-шалдардың үйлеріне апарып, екі немесе үш үйге бөліп береміз. Апарған қауындарды түсіріп, үйлеріне кіргізіп беремін де өзім сыртта, есектің қасында отырамын.

Шал-кемпір кісілер сыртқа шығып бата жасайды. Батаға қол жаямыз, содан кейін қаптарды алып есек арбамен қайтамыз.

Қайтарда анам екеуміз есек арбаға мініп аламыз. «Апа, келе жатқанда арбаға мініп алғанда осынша шаршамайтын едік қой» десем, «Балам, жетінші арықтың қауынын алып бара жатқанда жолай арба сынып қалса, жете алмай қалсаң болмайды. Сондықтан оны көздің қарашығындай сақтап, егелеріне апарып бергенше арбаға мінуге болмайды» дейтін еді.

«Апа, ол қауындардың егесі біз емес пе? Біз ек-

тік қой» деймін анамның ойын түсінгім келіп, «балам, оны кейін түсінесің» дейді.

Сөйтеді де: «Оның егелері – анау пәленше, түгенше деген адамдар. Біз ол қауындарды соларға апарып бердік» дейтін.

Менің ойымдағы сауал өзіме тыныштық бермей, үйге келген соң да: «Апа, солардың қауыны дейтіндей, бізге олар не қауын егерде ұрығын берді ме? Мен оларды көрмедім ғой» деймін жауап алғым келіп.

Мен сұрағыштай берген соң бір күні қауынның басында отырғанда: «Ей, балам, сен мұсылмансың ба?» деп сұрады. «Ия, мұсылманмын» деймін.

«Кәне, айтшы, мұсылман екеніңді немен дәлелдейсің?» деп сұрайтын. Мен ештеңе айта алмай қаламын.

Сол кезде: «Балам, менің артымнан қайталап отыр «Лә иллаха иллалла. Мұхаммед расул Аллах» деп бір неше рет қайталайтын, мен соны қайталап отыратынмын.

Содан кейін: «Балам, мұсылманда жеті деген санның неге қасиетті екенін білесің бе?» деп сұрайтын.

«Жоқ, білмеймін, апа» деймін.

«Біліп ал, балам, бұл Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қалған өсиет: «Әрбір мұсылман адам өзінің тапқан дүниесінің жетінші бөлігін жетім-жесірлерге, мүгедектерге, кәрі-құртаңдарға беруі керек. Ол – солардың үлесі. Осыны ұмытпа, балам» дейтін. Сол сөзі менің жадыма жазылып қалды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Тапқан табысыңды онға бөлесің, соның жетінші бөлігі

қасиетті болып саналады. Себебі ол - жетім-же-сірлердің үлесі, ал тапқан дүниеңнің оныншы бөлігі – патшалардың үлесі деген өсиет қалдырған» дейтін. Сол кездегі оныншы бөлік деген үкіметке берілетін салықтары екен ғой.

«Ал жетінші бөлік өте қасиетті. Сондықтан жетінші арықтың қауынының күтімі де ерекше болуы керек, түйнегін де жеуге болмайды. Оның егелері бар, сол егелеріне пісіріп апарып беру – барлық мұсылмандарға Мұхаммед пайғамбардан қалған аманат» деп айтып отыратын еді.

Сондықтан да «балам, саған анау жетінші арықтың бір де бір түйнегін жеуге болмайды» дейтін. Сөйтіп сол жетінші арықтың қауындарын егелеріне апарып беріп болған соң ғана қауын біздің де ауызымызға тиетін. Сөз болып отырған жетінші арықтың қауындарын таратып болған соң ол кісі егістіктің басына да онша келе бермейтін.

Міне, мен сол заманнан «жеті» деген санның мұсылманда не үшін қасиетті екенін анамнан естіп-біліп өстім.

Жалғыз анам ғана емес, Ұлман шешеміз де соны айтатын. Біздің жетінші арықтың қауынын тарқатып келген соң, бір-екі күннен соң Ұлман шешеміздің жетінші арығының қауынын арттыратын еді. Бірақ ол кісімен мен бірге бармайтынмын. Біреулермен бірге қырға қарай алып кететін-ді.

Марқұм анамның мұсылмандықты ұстауының өте жоғары болғанын кейін, өсе келе түсіндім. Анамның тағы бір айтатын сөзі:

– «Балам, дүние саған жолдас бола алмайды.

Оны баса жинамау керек, шаша жинау керек. Саған дүние тек абырой ғана әпере алады, жолдас бола алмайды».

Осы сөз менің өмірдегі көзқарасымды қалыптастыра бастады. Барлық кезде анамның «Ешқашан Алладан үмітіңді үзбе, қанша қиналсаң да Алла деп жүр» деген сөзі негізгі бағытыма айналды.

Анам:

– «Балам, келте сөйлегенді Алла да сүйеді. Сондықтан тек тіке, келте сөйле» дейтін еді.

– «Бұл өмірде бір өтірік екінші өтірікті тартып тұрады. Бір рет өтірік айтсаң, екінші рет өтірік айтуға тиіс боласың, сосын үшінші рет өтірік айтып қор боласың. Сондықтан ешқашан өтірік айтушы болма, қор боласың» деп өте жиі айтатын еді.

– «Жұртқа жақсылық жаса, рақметін айтады. Рақметпен ер көгереді. Еңбек – еңбек бәрін жеңбек. Алладан несібеңді тек еңбегіңмен сұра» деп айтушы еді.

Анамның айтқан ақылының әсері болар жүрген жерімде өз бетімше әрекет ете жүретін болдым. Аялдамадағы орындықты әрқашан мен салатын едім. Кейін үйрене келе апам айтпаса да, аялдамада орындық жоқ болса, мен өзім салып жүретін болдым. Сол заманда аялдамадағы тақтай сынып қалады ма, жоқ әлде адамдар алып қояды ма білмеймін, әйтеуір жоқ болса, қайтып апарып қоямын. Соны келіп анама: – Апа, аялдамадағы орындықты істеп қойдым», – десем,

– Балам, оны істегеніңді ешкімге айтпа, – дейтін еді.

– Апа, мен оны сізге ғана айтып отырмын ғой,
– десем,

– Маған да айтпа. Егер жасаған жақсылығыңды біреуге айттым дегенше ол жамандыққа айналып кетеді, – дейтін еді. Және де:

– Тыңдап ал, құлағыңа құйып ал. Әрбір адамның екі иығында екі періште құс отырады. Біреуге жақсылық жасасаң біреуі жазып отырады, оны біреуге айтсаң, екіншісі сызып тастайды, – дейтін еді.

Міне, мен сол кезімнен бастап таза еңбекпен өстім. Сол заманнан жеті санының неге қасиетті болатынын біліп өстім.

Соны ерекше мақтан тұтамын.

Маған осындай тамаша тәрбие беріп өсірген анамның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, жаны жаннатта болсын деймін!

**Жанысбеков Оразхан
Кенжеғұлұлы**



Оразхан жұбайы Әлиямен



Сержанова Әлия студент кезі

Атырау облысы, Индер ауданының тумасы. Жоғары білімді. Алматы мал дәрігерлік институтының микробиология мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1984–1985 жж. Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық радиология және кардиология институтында жұмыс істеген.

1986–1993 жж. Көксарай ауылында клуб меңгерушісі, экономист т. б. жұмыстарда істеген. 1979–1991 жж. Коммунистік партия мүшесі.



**Әлия мен Кәмшат
Швейцария. Рейн сарқырамасы.**



Австрия. Вена. ОБСЕ ғимараты



Швейцария. Берн қаласы. Ұлттық банк.



Чехия. Прага қаласында



Ысқақ Жанар Орынбасарқызы

1981 жылы 28 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Қошқарата ауылында туған. 1998 жылы Ордабасы ауданы Темірлан елді мекеніндегі Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-гимназияны үздік аттестатпен бітірген. 1998-2002 жж. Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясының халықаралық экономикалық қатынастар факультетін үздік дипломмен бітірген.

2005–2007 жж. Санкт-Петербург Халықаралық банк істері институтының Банкаралық қарым-қатынастар факультетін бітірген.

2008 жылдан Қазақстан Республикасы кәсіби

бухгалтерлер палатасының мүшесі. САР/СІРА сертификаттарының иегері. Орыс, ағылшын тілдерін меңгерген. 2002–2010 жылға дейін бухгалтер, бас бухгалтер, қаржы директоры болып бизнес саласында жұмыс істеген. 2010 жылдан бастап «TOLAGAI-2050» ЖШС-де қаржы директоры қызметін атқарады.



Оразхан жұбайы Жанармен



Ұлжан, Ғани



Шадияр, Қырмызы, Сардар



Сержанова Әлия, немересі Ботагөзбен



**Қырмызы
Оразханқызы**



Жанар, Қырмызы



Құттықыз, Әлия – СССР-де туылғандар



Сержанова Әлия Жанысбеков Оразхан Ысқақ Жанар
Сағындыққызы Кенжеғұлұлы Орынбасарқызы



Бауыржан, Лаура



Оразханұлы Алмас



Мұнтаз, Лаура, Дәулет

***«ҚҰТТЫ МЕКЕН – КӨКСАРАЙ» мәдени-ағарту жобасы аясында шығарылған, Түркістан облысы Отырар ауданы Көксарай ауылындағы М.О. Әуезов атындағы орта мектептің қысқаша тарихы, сол мектепті 1967 және 1977 жылдары бітірген тұлғалар туралы «ОН ЖЫЛДЫҚТАР ТОҒЫСЫНДА» тарихи-этнографиялық кітап-альбомынан**

**Авторлары:
Жанысбеков Оразхан Кенжеғұлұлы,
Ахмет Әбутәліп Охапұлы,
Садықбекова Ақжарқын Әбілдәқызы,
Батырбеков Медеубек Кенжетайұлы**